

Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және
терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі
Еуразиялық топ құру туралы

Декларация

(Мәскеу, 2004 жылғы 6 қазан)

Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Ресей Федерациясы

заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды жүргізудегі қауіпті ескере отырып,

олардың арасында қалыптасқан тарихи стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастық қатынастар негізінде,

заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылындағы қауіптілікке байланысты, өзінің аймақтағы экономикалық қауіпсіздік пен ұлттық қаржы жүйесін қылмыстық элементтерден қорғауға мүдделілігін қолдауды ұстанатындығын растап,

заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында ауқымды халықаралық маңыздылықты мойындап,

ФАТФ ұсынымының базасын құруда заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың аймақтық жүйесінің тиімділігінің ерекшеліктеріне мүдделілігін білдіре отырып,

2004 жылғы 26 наурызда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы істер Министрлері Кеңесінің шешімімен және төменде аталған елдер аймағының кеңестерімен

1. Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ құру (ЕАТ).

2. ЕАТ құзырындағы мәселелерді бекіту.

3. Мәскеу қаласында орналасқан ЕАТ Хатшылығын құру, (Ресей Федерациясы) келісілді.

Қытай Халық Республикасынан

Қырғыз Республикасынан

Беларусь Республикасынан

Қазақстан Республикасынан

Тәжікстан Республикасынан

Ресей Федерациясынан